



БҰЙРЫҚ

«18» 10.01.2023

ПРИКАЗ

№ 18

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
консультативтік пункт ашу туралы**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (занды өкілдердің), оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру мақсатында ата-аналарға арналған консультативтік пункт ұйымдастыруды
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған кеңес беру пункттері 2023 жылдың 10 қаңтарынан ашылсын;
2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы кеңес беру пункттерінің тиісті түрде жұмыс жасауын балабақша меңгерушісі қамтамасыз етсін;
3. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілсін (Қосымша 1);
4. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілуін қадағалау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» басшысының міндетін атқарушысына (С. Дауешова) жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Адылбаевқа жүктелсін.

Басшы

К. Сенғазыев